

6-Дәріс Шағатай тілі морфологиясы-2

Сөз түрлендіруші жұрнақтар

Көптік жалғауы

Шағатай тілі есім сөздерінде көптік жалғаулары + *lar* /+ *ler* қолданылады. Мысалы: *ayaq* + *lar* ‘аяқтар’, *kuş* + *lar* ‘құстар’, *könül* + *ler* ‘көңілдер’, *kün* + *ler* ‘күндер’, *yamğur* + *lar* ‘жаңбырлар’, *yol* + *lar* ‘жолдар’. Араб тіліндегі көптік формаларының да кей кездері + *lar* /+ *ler* жалғауларын алғандығын байқауға болады. Мысалы: *asfiyā* + *lar*, *ekābir* + *ler* ‘ересектер’, *evliyā* + *lar* ‘жебеушілер’, *selātin* + *ler* ‘сұлтандар’.

Тәуелдік жалғауы

Тәуелдік жалғаулар толықтауышқа немесе анықтауыш сипаттағы есім сөздерге жалғана отырып, толықтауыш иесінің жағы мен санын көрсетенін жалғаулар болып табылады. Тәуелдік жалғауы жекеше түрдің 3-ші жағы мен көпше түрдің 3-ші жағынан тыс кездері көбінесе езулік-еріндік үндестігіне бағынбайтынын көруге болады.

1-ші жақ жекеше түрі: +*m*, +*im*/+*im*, +*um*/+*üm*

Дауыстылардан кейін +*m* жалғауы қолданылса, дауыссызбен аяқталған сөздердің түбірі және туынды сөз арасына көмекші дауысты дыбыс келеді. Мысалы: *ata*+*m* ‘әкем’, *ağa*+*m* ‘ағам’, *baş*+*im* ‘басым’, *cān*+*im* ‘жаным’, *cism*+*im* ‘денем’, *çerig*+*im* ‘әскерім’, *dil*+*im* ‘көңлім’, *ebuāt*+*im* ‘өлеңім’, *köküs*+*üm* ‘кеудем’, *köz*+*üm* ‘көзім’, *qılıç*+*im* ‘қылышым’, *kuş*+*um* ‘құсым’, *mizāç*+*im* ‘мінезім’, *resm*+*im* ‘қарым-қатынасым’, *rahmet*+*im* ‘аянышым, рақымым’, *til*+*im* ‘тілім’, *teklif*+*im* ‘ұсынысым’, *yāver*+*im* ‘көмекшім’, *yüz*+*üm* ‘жүзім’.

2-ші жақ жекеше түрі: +*η*, +*iη*/+*iη*, +*uη*/+*üη*

Дауыстылардан кейін +*η* қолданылып, дауыссызбен аяқталған сөздердің түбірі және туынды сөз арасына көмекші дауысты дыбыс қосылады. Мысалы: *ayaq*+*iη* ‘аяғың’, *ata*+*η* ‘әкең’, *cismi*+*η* ‘денең’, *kelām*+*iη* ‘сөзің’, *kerem*+*iη* ‘жомарттығың, кешірімің’, *lāle*+*η* ‘қызғалдағың’, *ma’bed*+*iη* ‘ғибадатханаң’, *til*+*iη* ‘тілің’, *uqu*+*η* ‘ұйқың’, *zulmü*+*η* ‘зұлымдығың’, *kul*+*uη* ‘құлың’, *köz*+*üη* ‘көзің’.

3-ші жақ жекеше түрі: +*ı*/+*i*, +*sı*/+*si*

Дауыссыздардан кейін +*ı*/+*i* қолданылып, дауыстымен аяқталған сөздердің түбірі және туынды сөзден кейін +*sı*/+*si* формасында қолданылады. Мысалы: *ata*+*sı* ‘әкесі’, *at*+*ı* ‘есімі’, *baş*+*ı* ‘басы’, *cism*+*i* ‘денесі’, *eser*+*i* ‘шығармасы’, *köks*+*i*+*n*+*de* ‘кеудесінде’, *kön*(*ü*)*l*+*i*+*ge* ‘ойында’, *ya*+*sı* ‘садағы’.

1-ші жақ көпше түрі: +mız/+mız, +ımız/+ımız, +umuz/+ümüz

Дауыстылардан кейін *+mız/+mız* қолданылып, дауыссызбен аяқталған сөздердің түбірі және туынды сөз арасына көмекші дауысты дыбыс қосылады. Мысалы: *ata+mız* ‘әкеміз’, *at+ımız* ‘есіміміз’, *baş+ımız* ‘басымыз’, *cism+ımız* ‘денеміз’, *çerig+ımız* ‘әскеріміз’, *eser+ımız* ‘шығармамыз’, *köz+ümüz* ‘көзіміз’, *mülk+ümüz* ‘мүлкіміз’, *nefs+ümüz* ‘баққүндестігіміз’, *öz+ümüz* ‘өзіміз’, *öz+ümüz* ‘өзіміз’, *soğ+ımız* ‘соңымыз’, *til+ımız* ‘тіліміз’.

2-ші жақ көпше түрі: +ınız/+ınız, +iğiniz/+iğiniz, +ünüz/+ünüz, +üünüz/+üünüz

Дауыстылардан кейін *+ınız/+ınız* қолданылып, дауыссызбен аяқталған сөздердің түбірі және туынды сөз арасына байланыстырушы дауысты қосылады. Мысалы: *ata+ınız* ‘әкеміз’, *at+iğiniz* ‘есіміміз’, *baş+ınız* ‘басыңыз’, *beyān+ınız* ‘өтінішіңіз’, *çerig+iğiniz* ‘әскеріңіз’, *eser+iğiniz* ‘шығармаң’, *köh(ü)l+iğiniz* ‘ойыңыз’, *mülk+ünüz* ‘мүлкіңіз’, *nefs+ünüz* ‘баққүндестігіңіз’, *öz+ünüz* ‘өзіңіз’, *uluğ+ünüz* ‘үлкендігіңіз’, *zaman+ınız* ‘уақытыңыз’.

3-ші жақ көпше түрі: +ları/+leri

Көне түрік тілінен бері ешқандай өзгеріске ұшырамаған жалғау: *at+ları* ‘есімдері’, *beyt+leri* ‘мырзалары’, *burun+ları* ‘мұрындары’, *beyān+ları* ‘өтініштері’, *çerig+leri* ‘әскерлері’, *eser+leri* ‘шығармалары’, *mülk+leri* ‘мүліктері’, *rakīb+leri* ‘қарсыластары’, *til+leri* ‘тілдері’.

Септік жалғаулары

Шағатай тілінде 9 септік бар. Атау септік, ілік септік, табыс септік, барыс септік, жатыс септік, шығыс септік, көмектес септік, теңдік септігі, бағыттаушы септік.

Атау септік:

Бұл септік - жалғаусыз. Кей кездерде бұл септік белгісіздік септігі деп те аталады.

Ілік септік: +niң/+niң, +niң/+niң, +ni/+ni

Бұл септік жалғауы, жалпы, езулік+еріндік үндестігіне бағынбайтын жалғаулардан бірі болып саналады. Бұл жалғаудың шағатай тіліндегі өлеңдерде жиі түсіп қалуын байқауға болады. Мысалы: *barça+niң* ‘барлығының’, *sihān+niң* ‘әлемнің’, *hicr+niң* ‘айрылудың’, *kuş+niң* ‘құстың’, *kuyaş+niң* ‘күннің’, *şa'yirler+niң* ‘ақындардың’, *ulus+niң* ‘халқтың, елдің’, *uruş+niң* ‘соғыстың’, *yēr+niң* ‘жердің’. Кей кездері *+niң/+niң* орнына *+ni/+ni* жалғауларының қолданылғанын көреміз. Мысалы: *ağaları+ni katıda* ‘ағаларының жанында’.

Табыс септік: +ni/+ni, +n

Көбіне табыс септік жалғаулары *+ni/+ni* түрінде, үшінші жақ тәуелдік жалғауынан кейін келсе *+n* түрінде қолданылады. Мысалы: *at+i+n* ‘есімін’, *artuq+ni* ‘артығы’, *baş+ni* ‘басы’, *boğzum+ni* ‘тамағымды’, *boynu+ni* ‘мойыны’, *cefā+ni* ‘қасіреті’, *eser+i+ni* ‘шығармасын’, *ini+si+ni* ‘бауырын’, *kişi+ni* ‘адамды’, *oq+i+n* ‘оғын’, *suu+ni* ‘суын’, *til+i+ni* ‘тілін’, *uyqu+ni* ‘ұйқыны’, *zafer+ni* ‘жеңісті’.

Барыс септік: +ğa/+ge, +қа/+ke, +a/+e, +na/+ne

Шағатай тілінде барыс септік жалғаулары дауысты дыбысқа аяқталған сөздерден кейін *+ğa/+ge*, қатаң дауыссыздардан кейін көбіне *+ğa/+ge*, ал *b* және *d* дауыссыздарынан кейін *+қа/+ke*, кей жағдайда қатаң дауыссыздардан кейін *+қа/+ke*, кейде *+ğa/+ge* қолданыла береді.

Тәуелдік жалғауларынан кейін көбінесе *+ğa/+ge*, өлеңдерде кейде *+a/+e*, үшінші жақ жіктік жалғауларынан кейін келсе *+na/+ne* түрінде жалғанады. Мысалы: *ata+ğa* ‘әкеге’, *at+ğa* ‘есіміне’, *at+қа* ‘атқа’, *başım+ğa* ‘басыма’, *cān+ğa* ‘жанға’, *dāstāni+ğa* ‘дастанға’, *derd+ğa* ‘дертке’, *devlet+қа* ‘мемлекетке’, *dünyā+ğa* ‘әлемге’, *evlād+i+ğa* ‘баласына’, *kişi+ge* ‘адамға’, *kuyaş+қа* ‘күнге’, *kirpik+leri+ne* ‘кірпіктеріне’, *söz+ge* ‘сөзге’, *ulus+қа* ‘халыққа’, *vilāyet+i+ğa* ‘болысқа’.

Жатыс септік: +da/+de

Шағатай тілінде жатыс септік жалғауы жалпы, *+da/+de* түрінде кездеседі. Кейбір мысалдарда *+ta/+te* жалғауларын көруге болады. Мысалы: *ayaq+ta* ‘аяқта’, *baş+ta* ‘баста’, *firāq+i+η+da* ‘айрылығында’, *iç+in+de+ki* ‘ішіндегі’, *kēçe+de* ‘түнде/кешке’, *kış+ta* ‘қыста’, *ma’na+da* ‘мағынада’, *vakt+i-n+de* ‘уақытында’, *yaş+ta* ‘жаста’, *yēr+de* ‘жерде’, *yol+i+da* ‘жолында’, *zaman+ların+da* ‘кезінде’, *zıkr+i+de* ‘есінде’.

Шығыс септік: +dın/+dın

Шағатай тілінде жатыс септік жалғауы жалпы, *+ dın/+dın* түрінде кездеседі. Кейбір мысалдарда *+tın/+tın* жалғауларын байқай аламыз. Мысалы: *āh+ım+dın* ‘атымнан’, *ālem+dın* ‘әлемнен’, *eşik+tın* ‘есіктен’, *kēme+dın* ‘кемеден’, *qol+i+dan* ‘қолынан’, *tēve+dın* ‘түйеден’, *yār+dın* ‘сүйгенінен’, *yığaç+tın+dur* ‘ағаштан’, *yırak+tın* ‘алыстан’, *yol+dın* ‘жолдан’, *yüzi+dın* ‘жүзінен’, *yüz+i+n+dın* ‘кесіріңнен’, *zıkr+dın* ‘есінен’. Алайда кейбір мәтіндерде *+dan/+den* жалғауларын өте аз болса да, кездестіруге болады. Мысалы: *kudret+i+den* ‘қүдіретінен’ (қар. Шейбани хан жинағы 151).

Көмектес септік: +n, +ın/+in, +un/+ün, +la/+le

Дауыстылардан кейін *+n* түрінде қолданылып, дауыссызға аяқталған сөздердің түбірі және туынды сөз арасына байланыстырушы дауысты қосылып, *+ın/+in*, *+un/+ün* түрінде кездестіруге болады. Көбіне езулік-еріндік

үндестік заңына бағынбайды. Мысалы: *barı+sı+n* ‘барлығымен’, *küندیз+in* ‘күндіз’, *til+i+n* ‘тілімен’. Сирек болса да *+la/+le* жалғауының көмектес септігінде қолданылуын байқаймыз. Мысалы: *tañ+la* ‘таңқданыспен’, *қur+la* ‘баумен’.

Экватив септігі: *+ça/+çe*

Шағатай тілінде экватив септігі *+ça/+çe* формасында қолданылады. Мысалы: *bar+ça* ‘барлығы, бәрі’, *eflāқ+çe* ‘аспан күмбезіндей’, *mēñ+çe* ‘меніңше’, *mūr+ça* ‘құмырсқадай’, *özge+çe* ‘басқаша’, *yumurtası+ça* ‘жұмыртқасындай’.

Бағыттаушы септік: *+ra/+re, +ğarı/+geri, +қarı/+keri*

Шағатай тілінде бағыттаушы септігі *+ra/+re, +ğarı/+geri, +қarı/+keri* жалғаулары арқылы жасалады. Мысалы: *iç+keri* ‘ішке қарай’, *iç+re* ‘ішке қарай’, *il+geri* ‘ілгері’, *soñ+ra* ‘кейін’, *taş+қaru* ‘тысқары’, *taş+ra* ‘сыртта, тысқары’, *yoқ+қarı* ‘жоғары’.

Қатыстық жалғауы: *+ğı/+gi, +қı/+ki*

Evvel+ğı ‘алдыңғы, бұрынғы’, *evvel+ki* ‘алдыңғы’, *burun+ğı* ‘бұрынғы’, *burun+ki* ‘бұрынғы, алдыңғы’, *oza+қı* ‘алдыңғы’, *taş+ğı* ‘сырттағы’, *taş+қı* ‘сырттағы’.

Тапсырмалар:

1. Берілген түпнұсқа мәтінін көшіріп жазыңыз.

كوزبرله قاشنك ياخشى قاپاغنك ياخشى

يوز برله سوزنك ياخشى دوداغنك ياخشى

اينك برله منكنك ياخشى ساقاقتك ياخشى

بر برنى ديينك باشدين آياغنك ياخشى

(Nevâ’î, Küll. R481b:19)

2. Берілген түпнұсқа мәтінін көшіріп жазыңыз.

*Garâibü's-sıgar'dan**

یوق که اول کوز قرادور حسنونک ارا ای قرا کوز
کیم قاشینک داغی ایرور اسرو قرا ای قرا کوز

کر کونکول لارنی جلای وطن ایستار بولسانک
پیش توکونلارنی و زلفونکنی ترا ای قرا کوز

قرا نرکس کوز و کل یوز بیله کر سین کیبی یوق
بلبلی مین کیبی یوق نعمه سرا ای قرا کوز

کوزلارینک زخم اگر قیلما دی هر کیریپیک ایله
پس نیدور کونکلوما یوز بیردا یرا ای قرا کوز

مین مین و بیر یراماس کونکلوم آنینک قتلی اوچون
کوز قرا قیلما بیر ایشیمکا یرا ای قرا کوز

گاه فقر اهلی غه هم رحم کوزی بیرلان باق
کیم دعا کویونک ایرورلار فقرا ای قرا کوز

سین نوایی غه وفا ایلاماسسانک بار اولسون
شاه ابو الغازیء بن بایقرا ای قرا کوز

(Ali Şir Nevâyî, Garâibü's-sıgar, Süleymaniye Kütüphanesi,
Fatih Kitaplığı, nr. 4056, 431a)

* Bu metnin yazımında János Eckmann'ın, "Çağatay Dili Örnekleri I. Nevai Divanlarından Parçalar" (İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Türk Dili ve Edebiyatı Dergisi, c. 9, İstanbul, 1959, s. 33-64) adlı yayınından yararlanmışım.

3. Төмендегі бос орындарға тиісті жалғауларды жалғаңыз.

آرتوغ artuğ	artuğrağ
ياخشى yaħş1	yaħş1raq
جفا cefâ	cefâç1
چاپقولا çapqula	çapqulaş
قورقو qorqu	qorquñç
قوش qoş	qoşan
چال çal	çalma
چوم çöm	çömür
چوک çök	Çöker

4. Төмендегі сөздерді оқыңыз және көшіріп жазып, машықтаныңыз.

يول	يوق
كوپ	كوز
كوى	سوز
كور	توك

4. Түпнұсқа мәтіннің транскрипциясына қарай отырып морфологиялық талдау жасаңыз

5. Берілген сөздердің жазылуына назар аудара отырып, оқылуын үйреніңіз.

آغريغ	
آخشام	آتلان
آختار	بارچ
آدور	
آنچا	
آندا	
آنكلا	
آتان	

СМӨЖ Тақырыптары:

1. Ортағасырлық жазба жәдігерлерді 2000-2020 аралығында Қазақстанда зерттелуі, жасалған ғылыми жұмыстарға шолу жасау.баяндама дайындау.
2. Жазба мәтіндерді зерттеу әдістері; араб графикасымен жазылған шығыс мәтіндерді зерттеудің маңыздылығы.

Әдебиеттер Тізімі:

1. Argunşah, M., Çağatay Türkçesi, Kesit баспасы, Анкара, 2013.
2. Akar, A., Türk Dili Tarihi, Ötüken баспасы, Анкара, 2005.
3. Шадкам З., Кыдырбаева Ү., «Шағатай тіліне кіріспе». Қазақ университеті. Алматы. 2019.
4. Сыздықова Р.Ф. Текстология мәселелері//Қазақәдебиеті. –1964. – 27 март.
5. Убайдуллаева Г.Ж. «Мухаббат-наме» ескерткішінің (XIVғ.) текстологиясы (жәдігерліктіңқазақтілінеқатысы): Филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2001. –198 б.
6. Сағындықұлы Б. «Ғибат-улхақайық» – XII ғасырескерткіші: Орта ғасырлардағытүркіжазбаескерткіштерінің (XI-XII ғғ.) тіліарнаулықурсыныоқуқұралы. – Алматы: Қазақуниверситеті, 2002. – 184 б.
7. Әнес Ф. Текстологиялықзерттеулердіңзәрулігі // әл-ФарабиатындағыҚазМҰУХабаршысы. – 1999. – №33. – Б. 19-23. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – Москва: Советская энциклопедия, 1966. – 608 с